

**«Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік  
университеті**

**«Қазақстан көшпелілерінің  
мәдениеті»**

- Ежелгі қазақ жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс және тайпалық
- одақтар мәдениеті мен руна жазулары, көне ескерткіштер барысында мәліметтер беруді. Жалпы қазақ мәдениетінің ірге тасы ерте кезеңнен яғни, адамзат қоғамы пайда болғаннан бастап қалыптаса бастады. Адамзат тарихы: 1.Тас дәуірі. 2. Мыс (қола). 3.Темір
- дәуіріне тұрады. Қола дәуірінің алғашқы кезеңі б.з.б ХVIIғ. шамасында Андрон мәдениеті пайда болды. Отырықшылық жайлар мен мал ұстайтын қоныстары мен қатар егіншілік, диқаншылық кәсіппен де айналыса бастады. Сонымен қатар, күнделікті күн көріс мақсатында қару-жарақ жасау өнері және сәндік бұйымдар білезік, моншақ, ілмешектер жасай бастады. Осы кезде, яғни, қола дәуірінде Андрон мәдениеті пайда болды. Андрон мәдениеті көшпелі мал шаруашылығын еуропалық классикалық үлгісін қалыптастыруға елеулі үлесін қосты. Андрон мәдениетінің табиғи жалғасы ретінде Беғазы-Дәндібай мәдениеті болды. Андрон мәдениетінің дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа мән-мағына бере отырып, аңдар стилінде жалғасты.

Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: «Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға көне мәдениет болып қала береді», — дейді. Бұл — мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-әрекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған.

Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз. Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылдық, түптеп келгенде, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды



Сақтар — б.з.б. 1-мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан аумағын мекен еткен ежелгі тайпа. Олар қуатты тайпалық одақтары массагенттер, исседондар, аландар, каспийлер, сарматтардан тұрған. Бұл халық өзін өзі сақа, сақ деп атаған, (аккад. ashkuza; қытайша 塞 — Sai, көне қытайша: \*sək). Оларды көне гректер скифтер (грек тіл. skythai) деп Сақтар мекендеген жерлер.

Бұларды грек тарихшысы Страбон «азиялық скифтер» деп жазды. Рим жазушысы үлкен Плиний де осылай деген. Оның жазуынша скифтерді парсылар «саға» («сақа», «сақ» аты осыдан шыққан) дейді. Б.з.б. I-мыңжылдықта Солтүстік Үндістандағы, Ауғанстандағы, Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін қамтитын кең-байтақ аумақта жинақтап алғанда «сақ» деп аталатын көптеген тайпалар мекендеген. Геродот (б.з.б.Vғ.) және басқа антик тарихшылары оларды Азия скифтері деп атаған. Ғылымда сақтардың бұл топтарының Орта Азия мен Қазақстан аумағында шоғырланғаны туралы көптеген болжамдар бар. Сақтардың б.з.б. мәдениетті ел болғаны туралы дерек мол. Археологтар

**Назарларыңызға рахмет!!!**

